

## ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

<sup>1</sup>Ш.Қ. Уралбаева, <sup>2</sup>С.Қ. Рақымжанова, <sup>3</sup>А.М. Маликова

### АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада философия тарихындағы ғұлама-ойшылдардың тіл жайлы айтқан ойлары мен философиялық көзқарастарын айқындалған. «Тіл» ұғымын философиялық тұрғыдан қарастыра отырып, кез келген ұлт үшін негізгі құндылық екендігі анықталған. «Тіл» философиялық ойлау тарихында қоғам өмірінің рухани салаларының бірі ретінде айқындай отырып, адамның өмірімен байланысты құндылық ретінде қарастырғандығы пайымдалады. Ұлт пен мемлекет және жалпы адамзат қоғамы дамуындағы тілдің рөліне философиялық талдау жасалған. Философия тарихындағы ғұлама-ойшылдардың тіл жайлы айтқан ойлары мен философиялық көзқарастарын айқындалған. Тілдің философиялық мәні талқыланады.

**Түйін сөздер:** Философия, тіл философиясы, дүниетаным, ұлт, тіл, мәдениет, адам, әлем, құндылық, ұлттық сана, болмыс

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

<sup>2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Автор-корреспондент:  
А.М. Маликова,  
mmassel22@gmail.com

*Мақаланың сілтемесі:*  
Ш.Қ. Уралбаева,  
С.Қ. Рақымжанова,  
А.М. Маликова. Тілдің философиялық мәні // Адам әлемі. – 2021. – №4 (90). – Б. 77-86.

### Философский смысл языка

**Аннотация:** В статье рассматриваются идеи выдающихся мыслителей о языке и их философские взгляды. С философской точки зрения понятие «язык» было определено как фундаментальная ценность для любой нации. В истории философской мысли «язык» считается одной из духовных сфер общественной жизни, рассматриваемой как ценность, связанная с жизнью человека. Проведен философский анализ роли языка в развитии нации, государства и человечества в целом. Определены идеи и философские взгляды мыслителей в истории философии о сущности языка. А также анализировано философское значение языка.

**Ключевые слова:** философия, философия языка, мировоззрение, нация, язык, культура, человек, мир, ценность, национальное сознание, бытие.

### Philosophical Meaning of language

**Abstract.** The article describes the ideas and philosophical views of philosophers on the history of language. From a philosophical point of view, the concept of «language» has been defined as a fundamental value for any nation. In the history of philosophical thought, «language» is considered one of the spiritual spheres of social life, considered as a value associated with human life. Philosophical analysis of the role of language in the development of a nation, state and human society as a whole. The ideas and philosophical views of the historians of philosophy on

the language are determined. The philosophical meaning of the language is discussed.

**Key words:** Philosophy, Philosophy of Language, Worldview, Nation, Language, Culture, Person, World, Values, National Consciousness, Being.

### *Кіріспе*

Тіл – адам баласының барша тіршілік болмысымен ұштасып жатқан құндылығы, ұлттың рухани тағлымы, ұлт болмысының түп қазығы. Кез келген ұлтты тану үшін, сол ұлттың бойына сіңген ұлттық құндылықтарды тани білуіміз қажет. Ұлт үшін маңызды ұлттық құндылықтардың бірі – тіл. Ол ұлттық дүниежүзілік өркениеттер арасындағы өзіндік ерекшелігін, шынайы болмысын, келбетін көрсетеді. Тіл адамзат өмірінде, қоғамдық қатынастарда айрықша қызмет атқармақ. Ұлы ойшыл Әл-Фараби өз дүниетанымында «Адам көп нәрсеге мұқтаж болғандықтан, өзіне керегін қоғамдық ортадан ғана таба алады. Осыдан келіп олардың әлеуметтік мәні қалыптасады» - деген екен [1]. Адамның қоғамдық ортада әлеуметтік мәнінің қалыптасуында тілдің ролі айрықша. Осы ретте: «Қоғамның рухани, моральдық азғындауына тосқауылды сырттан емес, әрбір адам өз бойына ұлттық нышандарды сіңіру арқылы қарсы тұруы керек» [2], – деген Лао-Цзы ойының маңызы өте зор. Кез келген ұлт, ұлттың қамалы болып тұрған құндылықтарды сақтап қалуы адамзат өмірі үшін ең негізгі мәселе. Қазақ мемлекеті Мәңгілік Елге айналуың алғашқы қадамы ретінде ұлттық құндылық ретінде тілді дәріптеу қажет. Ұлттың ұлт болып ұйысу үшін, тілдің философиялық мәнін ашатын зерттеулер қазіргі қоғам үшін маңызды құбылыс болып табылмақ.

Бұл мақаланың мақсаты «тіл» ұғымының философиялық моделін құру. Тілді философиялық зерттеу тілдің мәнін, мазмұнын ашуға негіз болмақ. Тіл мәселесіне ғұламалар қандай пікір білдірді деген сұрақтарға, бұл мақалада жауап табуға талпыныстар жасалған.

### *Әдіснама*

Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде герменевтикалық, антропологиялық,

теориялық зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу барысында сипаттау, баяндау, бақылау, жіктеу, салыстыру, индукция, дедукция әдістері қолданылды. Тіл мәселесін зерттеу ең алдымен экзистенцианалды тұрғыдан қаралғанын және қаралатынын айта кеткен жөн. Тіл мәселесіне талдау жасалынып, сыни ойлау әдістері де жүзеге асады. Философиялық зерттеу әдістері арқылы объективті зерттеу жүргізілді. Зерттеу жұмысында салыстырмалы мәтіндік талдау, құрлымдық талдау, жүйелеу әдістері қолданылды.

### *Негізгі бөлім*

Кез келген ұлт үшін тілдің философиялық мәні, адамзат өмірінде орыны айрықша. Тіл қоғамда адамның рухани жетілуіне, кемелденуіне қызмет ететін рухани құндылықтардың бірі. Әрбір ұлттың рухани байлығы тілмен астасып жатыр. Қоғамдық өмірде саналы адам тәндік қажеттіліктен әлдеқайда кең, әлдеқайда терең әлемде өмір сүруді аңсайды. Ол – рухани әлем. Адамның өмір сүруінде екі әлем бар: биологиялық және рухани әлем. Биологиялық әлем адамның тәндік қажеттіліктерін ғана қанағаттандырса, рухани әлем – адамды мәңгіліктің аясында өмір сүруге шақыратын әлем. Биологиялық жағдай – ұрпақ жалғастыру, із-түссіз жоғалып кетпудің кепілі. Өмір адам үшін белгілі бір мәнділікке ие болған кезде ғана өмір болып табылады. Адам күнделікті мұқтаждықпен ғана күн кеше алмайды, ол үнемі толғанады. Адам табиғаты шексіз, жан-жақты. Ол биологиялық дамуды ғана емес, қоғамдық, рухани дамуды да қажет етеді. Сондай адамның рухани дамуынан туған құрдылықтардың бірі – тілі, мәдениеті, діні, дәстүрі. Ал, мәңгіліктің аясы – рухани дүние. Рухани өмірде адам барлық адамдармен теңесе алады, биік құндылықтарға қол соза-

ды. Рухани байлық әр кезде әр халықты ұлт ретінде сақтап қалатын және оны өзгелермен қатар өмір сүру құқығын дәлелдейтін императив [3]. Сондықтан, қазақ халқының дүниетанымында «тіл - ұлт айнасы» деген сөз бекер айтылмаған. Тілді сүю дегеніміз, ұлтты сүю және оны бағалау. Кез келген халықтың өмір салты, әдет-ғұрпы мен мәдениеті оның тілінен көрінеді. Қазіргі қазақ халқы және еліміздің болашағы үшін, тіл басымдылық танытатын құндылықтардың бірі болып табылмақ. Философия тарихында құндылықтардың қалыптасуы мәселесі ерте заманан бері ғұламалардың назарында болып келді. Философия тарихындағы көрнекті ойшылдар әрбір ұлт үшін тілден биік құндылықтың жоқ екендігін, тілдің жоғалуы ұлттың жоғалуымен бірдей құбылыс ретінде саралайды. Тілдің қалыптасу негізін адамның пайда болу процесімен байланысты. Тілдің қалыптасып пайда болу процессін ғылымда глоттогенез деп атаған. Жер бетінде мыңдаған жеке тілдер бар. Олардың өзара айырмашылықтарымен өзара ұқсастығыда бар. Құран Кәрімде Алла әр халықты бөлек жаратты делінеді. 5-Мәйда сүресінің 48 аятында: «Сендердің әр біреулерің үшін бір жол-жоба қойдық. Егер Алла қаласа, барлығыңды бір-ақ үммет қылар еді», – деп анық айтылған [4]. Тіл ұлттың өзіндік дара ерекше белгісі болып табылмақ. Қандайда бір ұлтқа тән тіл, сол ұлттың игілігіне қызмет ететін қоғамдық құбылыс. Ол адамның ой-санасының дамуының, жеткізуінің, қарым-қатынас жасауының басты құралы.

Жер бетіндегі әр ұлттың географиялық өмір сүру аймағы, өзіне тән тұрмыс дағдысы, дүниені тануы, тілі, діни көзқарасы, мәдениеті және соған сәйкес салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-тыйымдары бар болуы заңды құбылыс. Онсыз ешқандай өркендеу, өсіп-өну, даму, тіршілік нышанын көзге елестету қиын. Дамудың ең төменгі сатысында тіршілік кешетін халықтардың да өз тілі, мәдениеті, діні, дәстүрі, әдет-ғұрыптары, ритуалдары

бар. Оған тыйым салуға ешкімнің құқы жоқ. Әрбір жеке дара халық елдік тілін, дәстүрін, мәдениетін, дінін айнытпай сақтап, ұрпақтан ұрпаққа көшіре беруге аса мүдделі. Өркениеттің ең жоғарғы сатысына өткен озық, көшбасшы елдердің ұлттық тілге, мәдениетке, дінге, дәстүрге айрықша мән беретіні, ерекше ұстанатындығы сондықтан. Бұл оларға артықшылық сипат беріп, рухтандырып, өзге халықтардың көзінде мәртебесін асырып тұрады. Төл құндылықтарын берік ұстанған ұлттар жер бетінен ешқашан азып-тозып, бүліншілікке ұшырап, жоғалып кетпейді. Сыртқы жау келсе алдырмайды, ішкі кеселге бой бермейді. Сөйтіп, жарық дүние тұрғанша тұрады. Себебі төл құндылықтардың болымыстық негізінде жасампаз ұлттық рух жатыр [3].

Философияда тілдің қалыптасуын қоғамдық құбылыстармен байланыстыра отырып, белгілі бір қажеттіліктен туындаған құбылыс ретінде таниды. Сондықтан тіл мәселесі философиядағы «Адам-Әлем» қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады. Тіл философиялық теорияның бір саласы ретінде танылмақ және бұл мәселені теориялық сараптаудан өткізе отырып, тілді адамның ойлау болымысымен байланысты құбылыс ретінде мәнін ашу, қазіргі таңда философияның өзекті мәселелерінің бірі болып табылмақ.

Философия тарихында XIX ғасыр аяғымен XX ғасыр басында «тіл философиясы» деп аталатын философиялық бағыт қалыптасты. Тіл философиясы – тілдің танымдық құрылымын ашатын философияның зерттеу саласы. Бұл философиялық бағытта, ең алдымен, тіл құрылымдарының ойды қалай өзгертетіндігі, тілден бөлінбейтін ой қалайша тіл заңдылықтары бойынша өмір сүре бастайтындығын анықтаған. Бұл ілімнің қалыптасуын белгілі ойшыл Вильгельм Гумбольд есімімен байланыстырады. Ойшыл өз еңбегінде «Тіл ұлттың рухан құндылығы, тіл арқылы адамда ойлау мәдениеті қалыптасып, дүниені меңгереді» деп саралайды»

[5]. Тілдің ішкі формаларының негізін анықтап, оған философиялық талдаулар жасай отырып, адам болмысын дамытудағы ролінің айрықша екендігін қарастырады.

«Тіл философиясы» термині П.И Житецкий, К.Вослер, М.М.Бахтин, В.Н.Волошинов, А.Марти, О.Функе секілді ойшылдардың ілімдерінде айрықша қарастырылды. Сонымен қатар, XX ғасырда Англияда «лингвистикалық философия» деп аталатын ілім пайда болды. Бұл ілімді аналитикалық философия деп атады. Лингвистикалық философияның қалыптасуын Людвиг Витгенштейн, Готлоб Фреге мен Бертран Расселдің ілімімен тығыз байланыстырады. Адам өзіндік ойын бірінші тілде объективтендіреді, тіл адамда қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқаратындығын анықтаған. Тіл-ақпаратты сақтау және жеткізу құралы ретінде таныған. Бұл философиялық бағыт тілдің табиғатын зерттеу негізінен құрылған. Тілді жеке құбылыс ретінде қарастырмайды, керісінше философияның негізгі салалары феноменология, герменевтика, экзистенциализм категорияларының ажырамас бөлігі ретінде қарастырады. Людвиг Витгенштейн: «Кез келген сөздің логикалық мазмұны бар, оны түсіну үшін дұрыс ой қорыта білу қажет» деп жазады [6]. Бертран Рассел «Адамның күнделікті өмірінде қолданылатын тілді, логикалық тілмен жақындастыруға болады» [7]. Ойшыл өз дүниетанымында тілдің табиғатын, шығу тегін, оның адамзат өміріндегі қызметін зеріттейді. Тілдің шығуына өте көне замандағы адамдардың жануарлар дүниесінен бөлініп шығуымен байланыстыра отырып, алғашқыда адамдар қалай сөйлеп үйренгенін айқындау үшін, тек лингвистикалық зерттеулердің жеткіліксіз екендігін, антропогенез және сопогелез сияқты мәселелермен байланысын аша отырып анықтау қажет екендігін көрсетеді. Қандайда тілдің құрылымы адамның ойлау мәдениетімен байланысатындығын қарастырады.

Аристотель өз еңбегінде: «Тіл заттарды бейнелеудің бейнесі дейді» [8,

325 б.]. Тілдің болмыстық сипатына баса назар аударады. Ойлау мен тілдің қатынасын зерттеген. Тіл таңбалық жүйе нәтижесінде дыбысталады, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз ететін, тек адамзатқа ғана тән қоғамдық-әлеуметтік процесс ретінде зерделеген. Адамзат өмірінде заңды түрде қалыптасқан семантикалық жүйе ретінде таниды. Оның негізгі қызметі ретінде ақпаратты сақтау, жеткізу және адамның ойлау процессін жетілдіретін құбылыс ретінде саралайды. Оның қоғамдық өмірде коммуникативтік қызметінде айрықша екендігін баяндайды. Аристотельдің тілге қатысты ойлары «Категориялар» еңбегінде айрықша орын алған. Тіл адам болмысына ғана тән универсум ретінде таниды.

И. Кант: «Ағартушылық дегеніміз не?» [9] деп жазады. Ағартушылықты адам танымының субъектісі ретінде қарастырады. Субъект адамзат өміріндегі игілік - тіл, мәдениет, ғылым, білім, техникаға арқа сүйейді. Ойшыл өз дүниетанымында «таным дегеніміз не?», «таным қалай жүзеге асады?» деген сұрақтарға шешім іздеген. Танымдық процестердің адамның тіл, ойлау, зерде, пайым, санамен байланыстырады. Адам кез келген затты тани бермейді, өзіне қажет, өзін қызықтырған объектіні ғана таниды. Сол дүниені тануда тілдің ролі айрықша екендігін зерттеді. Кант философияда алғаш рет практика жөнінде мәселе қойып, практиканы адамның іс-әрекетімен, ойлау мәдениетімен, тілімен байланыстырып, танымның негізі практика болып табылатынын болжап білді. Кант өз дүниетанымында тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде сипаттайды. Ол философиядағы таным мәселесімен біте қайнасқанын өз еңбектерінде баяндады. Ойшыл тілдің адамның рухани өмірімен байланысын айқындайды. Ж.Ж.Руссо өз еңбектерінде тілдің логикалық теориясын зерттеді. Ойшыл әлеуметтік келісім теориясында адам өмірін екі кезеңге бөлумен байланыстырды - табиғи және өркениетті. Бірінші кезеңде адам табиғаттың бөлігі болды және тіл сезімдерден, эмоциялардан,

құмарлықтармен байланыстырды. Тілдің шығу тегі ең алдымен эмоционалды-эстетикалық тәжірибеден және дауыс көрінісінен тұратындығын анықтады. Адамдар бір-біріне жақындаған сайын, бір-бірін түсінуде, белгілі бір байланыс белгілерін іздей бастады. Тілдің адамзат өмірінде қалыптасуы адамның психикасы, парасаты, ойлау мәдениетімен байланысты. Сондықтан тілдің қалыптасуы адам психикасы мен ойлауының бірлігіні арасындағы қимыл әрекеттермен тығыз байланысты екендігін анықтады. Көбінде өз зерттеулерінде ойшыл тілдің адамзат өмірінде қалыптасуын сыртқы ортамен байланыс орнату негізімен байланыстырды, өмрілік қажеттіліктен туындаған шындық ретінде таныды. Ж.Ж.Руссо тілді қоғамдық-тарихи прогерстің нәтижесінде пайда болған құбылыс ретінде танды. Тілдің пайда болуын, дамуын қоғам түсінігімен орайластырады.

Дж.Милль «Логика ойлау өнерінің негізі болып табылса, тіл ойды бейнелеудің басты құралы» [10] деп қарастырды. Адамның ойлау жүйесінің тілмен тікелей байланысы барлығын анықтады. Тіл адам санасының туындысы, адамзат өмірінің өзегі ретінде саралайды. Тіл мен ойлаудың өз ара байланысы анықтау жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Тіл де, ойлау да – адамға тән құбылыстар. Бұл екі құбылыстың әлеуметтік, әрі биологиялық жақтарымен сипатталады. Біріншіден, тілде, ойлау да – адам миының туындысы, соның жемісі, екіншіден, тіл де, ойлау да – әлеуметтік құбылыс, өйткені адамның өзі қоғамдық құбылыс болып саналады. Сондықтан тілде де, ойлауда да әлеуметтік және биологиялық жақтар ұштасып, бір-бірімен бірлікте болады. Ой мен тілдің байланысы арқылы заттар мен құбылыстар және адамдар бір-бірімен қатынасқа түседі.

М. Хайдеггердің «Тіл болмыстың үйі» сөзі философияда кеңінен тараған. Дүние бар болу, сондықтан дүниеде әр нәрсенің болмысы болуға тиіс. Хайдеггердің

дүниетанымындағы бар болу болмысы, ол жәй ғана бар болып қана қоймай, кез келеген заттың белгілі бір мәнділікте өмір сүруімен байланыстырады. Адам бұл мәнділікке жетуде қамсыздықтан бас тартып, қамдануға әрекет ете білу қажет деп анықтады. Хайдеггер адамның өмірі болмыс құпиясының түсінуде тілдің орыны айрықша екендігін ұғындырады. Адамның ойы сөз арқылы анықталады, тіл ақиқатты танудың негізгі көзі деп біледі. Ойшыл философтар тіл жәй ғана құрал емес, тіл онтологиялық статусқа ие, демек, ол өзі жатқан бір болмыс, тіл мен болмыс тығыз байланыста деп анықтаған. Себебі, болмысты тіл арқылы ғана тани аламыз, сондықтан тілді болмыстың үйі дейді.

«Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы» кітабында Әбу Насыр әл-Фараби мынандай ой айтады: «Тілді және ұғынуды меңгерген тірі жаратылыстан кемел ешқандай жаратылыс жоқ» [11]. Тірі тіршілік иелерінің ішінде тілдің тек адам болмысына ғана тән құндылық, ол басқа тіршілік иелеріне жат екендігін, адам болмысы басқа тірі жандыларға қарағанда жоғары өмір сүретіндігін осы сөзден ағаруға болады. Адамның ақылды жаратылыс иесі ретінде басты айырмашылықтарының бірі оның тілі екендігін ұғындырады. Тілді адамға тән құбылыс ретінде мойындайды.

М. Қашқари «Түрік сөздігінде» негізінен түркі тілдеріне тән сөздерді қамтыған. Ойшыл түркі тілін әлемдік деңгейге көтеріп, паш етуге жол ашды. XI ғасырда түркі тілінде ренессанс дәуірі болды. Түркі тіліне айрықша роль атқарған М.Қашқаридың сөздігі екендігіне дауа жоқ. Тіл рухани құбылыс, ұлттың ең басты тірегі ретінде санайды. Тіл мәдениеттің өмір сүру формасы, мүмкіндігі ретінде қарастырады. М.Қашқари өз дүниетанымында: «Тілмен түйген, тіспен жазылмас» деп тілге айрықша мән берген [12]. Бұл сөзде тілде өмір сүретін ұғымдарды жинақтап, ұрпаққа жеткізудің маңызы айрықша екендігін айтады. Ойшыл өз шығармаларында таза тіл, тура тіл, түзу тіл туралыда ойлар қозғайды.

М. Қашқари «Түркі тілінің сөздігін» негізгі сегіз бөлімге бөледі.

1. Хмза (араб әліпбиінің әуелгі «а әліп» әріпінің асты үстіне қойылып, түрлі дыбыстарды білдіретін белгілер. Соған орай сөз басында «а» «у» «и» әріптері келген сөздер дегенді білдіреді) кітабы.

2. Сәлім (араб тілінде «а» «у» «и» әріптерінің бірі болмаған және әріп қайталанбаған) кітабы.

3. Мұзоаф (бір әріп екі рет қайталанған сөздер) кітабы.

4. Мисал («а» «у» «и» әріптерінің бірімен басталатын сөздер) кітабы.

5. Үш әріпті сөздер кітабы (бұлар араб әліпбиінің ретімен айтылып отыр).

6. Төрт әрәпті сөздер кітабы.

7. Ғұнналылар (мұрын дыбысты сөздер) кітабы.

8. Сүкүндік (тұйық буын соңындағы қысқа дыбыс), екі үндес қатар келген сөздер. [13]

Ойшыл сөздікті жасау барысында сөздің ықшамды, ұғынықты шарттарын қарастырған. Түрік тілінің сөздерінің құрлымына тән ерекшеліктері оның жасалу жолдары М.Қашқаридің еңбегінде толық баяндалады. Түрік тілінің сөздігін жасауда және оны сегіз бөлімге бөліп қарастыруда, ойшыл тіл ұлтты біріктірудің басты құралы деп санаған. Тілді ұлттың бай рухани қазынасы ретінде саралаған.

Қазақ дүниетанымында Ш. Құдайбердіұлы шығармаларында «Сөзіңді түзе-әдетіңе айналады, әдетің-мінезіңе айналады. Мінезің-сенің тағдырың» - деген сөзде үлкен мағына бар. Тілді тек қоғамдық ортада қарым-қатынастық қызмет ғана атқарып қоймай, адамның рухани, мәдени, моральдық, интеллектуалдық дамуына ықпал ететіндігін зерделейді. Сонымен қатар тіл қоғамдық ортада тұлғаның қалыптасу құралы екендігін көрсетеді.

Философия тарихындағы тіл мәселесін анықтауда ойшылдар іліміне ой жүгірту арқылы сараптамалар жасалынды. Ойшылдар өз дүниетанымында әлемнің тірегі адам болса, сол адамды жетілдіретін рухани құндылық тіл ретінде

жоғары бағалады. Тіл кез келген ұлт үшін ұлтты танудың басты құралы болып табылмақ. Осы жерде, Маркес Габриэль Гарсианың «Жүз жылдық жалғыздық» романындағы ұлттық құндылығы тілді аяқ асты ету салдарынан, өзінің шыққан тегін ұмытқан, халқының дәстүрін, мәдениетін білмейтін кейіпкердің образы есімізге түседі. Ойшыл, ұлттық тілден безіну, шыққан тегіне деген құрметтің жоқтығы Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілікті жоғалту адамды адамдық тегінен айыруға алып келетіндігін айтады.

Ұлтты жойғың келсе, оның тіліне балта шап – дейді. Яғни, тілінен айырылған ұлт мәңгүртке айналмақ. Тіл бұзылса ұлттың болмысы бұзылады. Тілден айырылған ұлт, ұлттық қасиетінен айырылып, өз өмірлерінде өзгеге елге тәуелді болады. Ұлттың замана қиындығына төтеп беріп, басқа ұлттың боданында кетіп қалмау үшін, халықтың бірлігін, ұлттың тұтастығын сақтап қалуда тілдің ролі айрықша. Тілінен айырылмаған елдер замана қиындығына төтеп беріп, халықтық қасиетін сақтап қалмақ. Кез келген ұлттың болашағы жарқын болмақ. Тіл ұлтты ұстап біріктіретін құбылыс. Ал, тілді қадірлемесе, ұлтсыздыққа тап болмақпыз. Адамзат тағдыры үшін ұлтсыздану қатерлі дерт. Ұлтсызданудың басты себебі – ұлттың өз-өзін қор тұту, өзін-өзі кемсіту, өзінде барын қадірлемеуден туындайды. Өткен тарихымызға ой жүгіртсек, ұлтсыздану нәтижесінде көптеген елдер өздерін шыққан тегімен қоса жоғалып кетті. Ұлтсыздану ұлттық мүддені мүлде ұмыттырады. Сондықтан қазіргі жаһандану заманымызда ұлттық бірегейлігімізді сақтай білуіміз қажет. Себебі бірегейлік негізі: тіл, мәдениет, дәстүр, діл т.б. ұлтты құраушы элементтерден тұрмақ. Демек, ұлт өзінің дәстүрлі мәдениетін, ұлттық символдарын, әсіресе тіл, дін, діл бірегейлігін сақтауға құлшыныс танытуы қажет.

Бүгінгі таңда Қазақ елі өркениетті елдердің қатарына қосылуда тек ғылыми-техникалық, өндірістік, экономикалық, салаларын ілгері да-



мытумен ғана емес, өз ұлтымызға тән, ұлтты өзгешелендіретін тіл, дәстүр, мәдениет, дін, діліміздің астарындағы құндылықтардың мәнін ашып, зерделеп басқа халықтарға паш еткізсе. Еліміз жаңа даму, жаңару жолына түсті. Өткен бабалар өміріне көз жүгіртсек Қазақ халқы әрқилы замандарды бастан кешірді. Қазақ өз өмір сүру барысында мынандай тарихи кезеңдерді өз басынан өткерді. 1. Алтын заман – Алтын Орда тұсындағы қазақ пен ноғай бірлігі. Еуразиялық Ұлы Дала – көшпенді өркениеттің шарықтау шегі. Бұл дәуірдің тарихи санасы «Қырымның қырық батыры», «Ерқосай», т.б. эпостық жырларда көрініс табады. 2. Қилы заман – қазақ пен ноғайдың айырылысып, ауыр кезеңде көшпенділікті таңдап, қоныс аудару, дербес мемлекет құрып, оны сыртқы жаулардан қорғау. Бұл кезеңнің тарихи санасын XV-XVII ғасырлар аралығындағы қазақ жырауларының (Дайырқожа, Қазтуған, Асан қайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау) авторлық поэзиясы арқылы сипаттауға болады. 3. Зар заман – еуразиялық көшпенділіктің жаппай дағдарысы, тәуелсіздіктің айырылып, Қазақтардың Ресей империясының боданына айналуы. Бұл кезең Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сияқты «Зар заман» ақындарының шығармалары арқылы пайымдалады. 4. Жаңа заман – XX ғасырдың басынан бастап бүкіл шығыс елдерін қамтыған, реформаторлық қозғалыс батыстық империализмге қарсы және өз қоғамдарының мәдени-этностық және саяси сара жолын анықтаудағы ұлттық сана оянып, ұлтжандылық өз күшіне енген заман. Модернизм тарихи санада Ағартушылықтан (Шоқан, Абай, Ыбырай) бастап, ұлттық идея ретінде «Түркістан», «Алаш», «Қазақ» идеялары көтерілді. 5. Қазіргі заман – тарихи сананың дамуы, жаңаруы, индустриалдық және постиндустриалдық қоғамға ену, жаһандану заманы болып табылмақ [14]. Қазіргі уақытта дүние жүзінде аса күрделі процестер іске асуда.

Соның бірі жаһандану (глобализация, ғаламдастыру) процесі – бұл әлеуметтік, рухани, саяси экономикалық процесті білдіретін термин. Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global – әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [15]. Қазақ елі қандай заманды өз басынан өткізсе де, ұлт үшін маңызды құндылықтарды аяқ асты етпеген.

Француз философы Жак Деррида «Жаһандануды бүгінгі әлемнің қайтаруға келмейтін заңды процесс. Сондықтан да оны, асқан байыптылықпен терең зерделей отырып, оңды және теріс қырларын ашып алған жөн. Оңды жағы, жаһандану – әлем халықтарының мәдениетін, экономикасын, саяси және ақпараттық жүйелерін барынша жақындата, кіріктіре түсетін қасиеті бар құбылыстар қатарына жатады. Сөйтіп, жаһандану елімізге жер бетіндегі интеграциялық үрдістердің нәтижелерін, әлемдік дамудың игіліктерін алып келсе, әлекінші жағынан, ол ұлттық ерекшеліктерді, ұлттық мәдениетті барынша бедерсіздендіруге итермелейді және саяси, әлеуметтік тәуелсіздіктің қағидаттарына барынша немқұрайдылықпен қарайды. Кейбір әлсіздеу мәдениет пен өркениеттерді жұтып қоюға дайын тұратын қасиетімен, этностық келбетімізді жойып жіберуге бейімдігімен қауіпті» [16]. Жаһандану біздің қоғамымыз үшін қажет, бірақ ұлтты ұлт етіп отырған құндылықтарды жаһандық өзгерістердің жұтып алуына жол бермеу қажет. Еліміздің жаңаруы, кемелденуі бүгінгі заман талабы. Ал еліміз жаңаруға аяқ басу арқылы, ұлт өміріндегі ойлау жүйесінде немесе дүниені қабылдауда жаңа ой қалыптасады. Бұл көбіне ғылымда «инновация» терминімен байланысты.

«Инновация» – латын сөзінен шыққан, ол «жаңару», «жақсару» немесе «өзгеру» деген мағынаны білдірді. «Innovatio»-«өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылған сөз [17]. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша

ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Оның үш өлшемі бар: жаңа ой, жаңа іс, hareket және жаңа нәтиже. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру [18, б. 4]. Санамыз, ойымыз, ісімізден озып жүруін және жаңғыруын қажет етеді. «Инновация» терминін жаңа экономикалық категория ретінде ХХ ғасырдың бірінші онжылдығында ғылымға енгізген австриялық ғалым Йозефер Алоиз Шумпетер болатын. Инновация ұғымы тек экономика саласында ғана емес, сонымен қатар қоғамның барлық салаларында өзекті орын алды. Қоғамның дамуындағы қандайда бір саланы алып қарасақ, инновациялық туындылар дүниеге келіп жатты [19]. Жаңашылдық арқылы жаңа құндылықтарды қабылдай аламыз. Ол адам өміріне өз ықпалын тигізбек. Бірақ осындай инновациялық өзгерістерде ескі (өткен шақ, «классика»), қазіргі (осы шақ, «модерн») және жаңа (болашақ, «футур») арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажет.

Профессор Бақытжан Сатершинов «Жаһан-данумен сипатталатын қазіргі заманның өзінде батыстық бұқаралық мәдениеттің жаппай экспансиясы салдарынан тәуелсіз Қазақстанда мәдени деградация мен трансформацияға ұшыраған ұлттық мәдениетті қайта өркендету үшін мына міндеттерді мемлекеттік деңгейде шешу қажет: ең алдымен, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды, яғни адамдарды рухани тұрғыда оятатын ұлттық тіл мен дәстүрді қайта жаңғырту, осы уақытқа дейін тыйым салынып келген халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеулер арқылы қалпына келтіру, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы мәдени-рухани мол мұрасын игеру, тарихи сананы қалыптастыру, осының барлығы-қоғамда өсіп келе жатқан ұрпақты мәңгүрттік жағдайдан арылту» [14] деген пікір айтады. Ойшыл өз дүниетанымында Қазақ халқының тілі, діні, дәстүрі, мәдениеті өткен ғасырларда жүйессіздікке ұшырағанын айта оты-

рып. қазіргі таңда адамзат қоғамында ұлт үшін маңызды құндылықтардың ұлт дамуының негізгі көзіне айналдыру қажет екендігін қарастырған. Тілде ұлттық мәдени сана, ұлттық ойлау, ұлтқа тән руханилық бар, сондықтан қандай дәуірде ғұмыр кешсекте, адамзат өз ұлтына тән тілін жоғалтпағаны абзал. Өйткені, тіл әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде адамзат өміріндегі айрықша қызмет атқарады. Қоғамдық ортада адамды қалыптастырудың басты құралы. Еліміз әлемдік өркениетке «Қазақ елі» атты болмысымен ену үшін, ғасырлар тұңғығымен тамырласып жатқан ұлттық құндылықтарымызды, соның ішінде тілді бағалай білу қажет.

### **Қорытынды**

Тіл ұлттық мәдени болмысын, тарихын, мінезін, дәстүрін, дінін, шежіресін таныттыратын кеңістік. Тілдің болмысында көнені жаңғыртып, жаңаны жасаушы құндылықтар бар. Философиялық тұрғыдан саралау барысында ойшылдар дүниетанымында тіл дүниені танудың методологиялық құралы ретінде пайымдай отырып, адам мен әлем арасындағы ақиқатты тануда негізгі көзі ретінде таниды. Философия тарихында тіл қоғамда құндылықтарды трансформациялау функцияларын орындайтындығы пайымдалады. Адамның дүниені тануда, әлемді игерудегі кез келген образ тілде ғана көрніс табатындығы тұжырымдалады.

Тіл адамзатты әлем тіршілігінің тұңғығына жетелейтін ой жүйесі, дүниені танудың басты құралы ретінде зерделенеді. Адам болмысы қоғамдық ортада материалдық дамуды ғана емес, рухани дамуды да қажет етеді. Адамның рухани дамуында басты қызмет атқаратын категория ол - тіл. Сондықтан, философиялық ойдың даму кезеңдерінде тілді ұлттың ешбір байлыққа айырбастамайтын қазынасы ретінде қарастырған.



**Әдебиеттер тізімі**

1 Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы, Философия және саясаттану институты, 2000. – 180 б.

2 Лао-цзы. Дао дэ цзин // Древнеки-тайская философия: собр. текстов. – М., Мысль, 1972. – 92-97 с.

3 Рахимжанова С.К. Дәстүрдің философиялық мәні // ҚазҰУ хабаршысы. – 2017. – №3(61). – 49-57 б.

4 Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі // қаз. ауд. А. Халифа. – Медина, Құран Шәриф басым комбинаты, 1991. – 674 б.

5 Гумбольдт В. Об изучении языков, или план систематической энциклопедии всех языков // Язык и философия культуры. – М., Прогресс, 1985. – 349 с.

6 Витгенштейн Л. Логико философский трактат // Витгенштейн Л. Философские работы Часть I. Пер. с нем. / Составл., вступ. статья, примеч. М. С. Козловой. Пер. М.С. Козловой и Ю. А. Асеева. – М., Издательство Гнозис, 1994. – 612 с.

7 Рассел В. Философия логического атомизма // Пер. В. А. Суровцева. – Томск, Водолей, 1999. – 192 с.

8 Асмус В. Метафизика Аристотеля // Аристотель. Сочинения: в 4 т. Т. 1. – М., 1975. – 42–43 с.

9 Кант И. Ответ на вопрос: что такое просвещение? // Соч. на нем. и рус. языках. Т. 1. – М., Наука, 1994. – 125–148 с.

10 Субботин А.Л. Джон Стюарт Милль об индукции [Текст] /А.Л. Субботин; Рос. акад. наук, Ин-т философии. – М., ИФ РАН, 2012. – 76 с.

11 Форобий А.Н. Фозил одамлар шахри. – Ташкент, ЯНГИ АСР АВЛОДИ, 1993. – 320с.

12 Түркі дүниесінің ойшылдары / құраст. Ғ. Есім. – Астана, ТОО «Prosper Print», 2013. – Кіт. 1. – 506 б.

13 М.Қашқари Түркі сөздігі / қаз. ауд. – Алматы, Сөздік-Словарь, 2007. – Т. 2. – 447 б.

14 Сатиршинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.

15 Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы, Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.

16 Нысанбаев Ә. Тәуелсіздік философиясы // Адам-әлем. – 2006. – №83. – Б. 9-16 б.

17 Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы, Ба-стау, 2000. – 247 с.

18 Есім Ғ. Инновациялық ойлау жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №2(43). – 4-8 б.

19 Хатами С.М. Традиция и мысль во власти авторитаризма / пер. с персид. – М., Московский университет, 2001. – 288 с.

**Transliteration**

1 Ruhani qundylyqtar әлемі: aleumettik-filosofijalyq taldau [The World of Spiritual Values: Socio-Philosophical Analysis]. – Almaty, Filosofija zhәне sajasattanu instituty, 2000–180b.

2 Lao-czy. Dao dje czin // Drevnekitajskaja filosofija: sobr. tekstov. – M., Mysl', 1972. – 92-97 s.

3 Rakimzhanova S.K. Dәstuyrdin filosofijalyq mani [Philosophical Meaning of Tradition] // QazUU habarshysy. – 2017. – №3(61). – 49-57 b.

4 Quran Karim: qazaqsha magyna zhane tusinigi [The Qur'an: the Kazakh language and its interpretation] // qaz. aud. A. Halifa. – Medina, Quran Shәrif basym kombinaty, 1991. – 674 b.

5 Gumbol'dt V. Ob izuchenii jazykov, ili plan sistematicheskoy jenciklopedii vseh jazykov [Language learning, or poorly systematic encyclopedism of all languages]//Jazyk i filosofija kul'tury. – M., Progress, 1985. – 349 s.

6 Vitgenshtejn L. Logiko filosofskij traktat [Logico-philosophical treatise] // Vitgenshtejn L. Filosofskie raboty Chast' I. Per. s nem. / Sostavl., vstup. stat'ja, primech. M. S. Kozlovoj. Per. M.S. Kozlovoj i Ju. A. Aseeva. – M., Izdatel'stvo Gnozis, 1994. – 612 s.

7 Rassel B. Filosofija logicheskogo atomizma [Logistic atomism] // Per. V. A. Surovceva. – Tomsk, Vodoley, 1999. – 192 s.

8 Asmus V. Metafizika Aristotelja [Metaphysics of Aristotle] // Aristotel'. Sochinenija: v 4 t. T. 1. – M., 1975. – 42–43 s.

9 Kant I. Otvet na vopros: chto takoe prosveshhenie? [The answer to the question: what is perspective?] // Soch. na nem. i rus. jazykah. T. 1. – M.: Nauka, 1994. – 125– 148 s.

10 Subbotin A.L. Dzhon Stjuart Mill' ob indukcii [John Stuart Mill on induction] /A.L. Subbotin; Ros. akad. nauk, In-t filosofii. – M.: IF RAN, 2012. – 76 s.

11 Forobij A.N. Fozil odamlar shahri. – Tashkent, JaNGI ASR AVLODI, 1993. – 320s.

12 Turki duniesinin ojshyldary [Thinkers of the Turkic world] / qurast. G. Esim. – Astana, TOO «Prosper Print», 2013. – Kit. 1. – 506 b.

13 Qashqari M. Turki sozdigi [Thinkers of

the Turkic world] / qaz. aud. – Almaty, Sozdik-Slovar', 2007. – T. 2. – 447 b.

14 Satirshinov B.M. Tarihi sananyn qalyptasuy men damuyn aleumettik-filosofijalyq taldau [Socio-Philosophical Analysis of the Formation And Development of Historical Consciousness]: 09.00.11: filos. gyl. dok. ... avtoref. – Almaty, 2009. – 45 b.

15 Qazaqstan: ulttyq jenciklopedija [Kazakhstan: National Encyclopedia] / red. A. Nysanbaev. – Almaty: Qazaq jenciklopedijasy, 2001. – 720 b.

16 Nysanbaev A. Tauelsizdik filosofijasy

[Philosophy of Independence] // Adam alem. – 2006. – №83. – B. 9-16 b.

17 Qurmanbaeva N.M. Kul'tura Vostoka i Zapada: problemy integracii [Culture oOf The East And West: Problems of Integration]. – Almaty, Bastau, 2000. – 247c.

18 Esim G. Innovacijalyq ojlaw zhujesi [System of Innovative Thinking] // QazUU habarshysy. – 2013. – №2(43). – 4-8 b.

19 Hatami S.M. Tradicija i mysl' vo vlasti avtoritarizma [Traditionism and the idea of power over authoritarianism] / per. s persid. – M., Moskovskij univeristet, 2001. – 288 c.

### INFORMATION ABOUT AUTHORS

<i>Шолпанай Қуанышбайқызы Уралбаева</i>	PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<i>Саяна Қадырқызы Рақымжанова</i>	PhD, аға оқытушы, Е.А. Бекетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
<i>Асель Мәлікқызы Мәлікова</i>	PhD, аға оқытушы, Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<i>Шолпанай Қуанышбаевна Уралбаева</i>	PhD докторант, Евразийский национальный университеті имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
<i>Саяна Қадырқызы Рақымжанова</i>	PhD, старший преподаватель, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
<i>Асель Маликқызы Маликова</i>	PhD, старший преподаватель, Казахский национальный университет искусств, Нур-Султан, Казахстан
<i>Sholpanai Uralbaeva</i>	PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
<i>Sayana Rakimzhanova</i>	PhD, Senior Lecturer, E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan
<i>Assel Malikova</i>	PhD, Senior Lecturer, Kazakh National University of Arts, Nur-Sultan, Kazakhstan